

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**  
**«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ» бағыты бойынша Академиялық  
комитеттің кезекті №4 мәжілісінің хаттамасы**

**Түркістан қаласы**  
**Ректорат ғимараты, 222-аудитория/сағат 14:30**

**17.01.2023 жыл**

**Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:** АҚ төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбақов Н., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Г. Тасболатова, Шалтаева М. және Киянбекова А., Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

**АҚ мүшесі, Академиялық персоналдар:** Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының доц. м.а PhD Тажибаев Р.

**АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілдері:** «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбеков

**АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері:** 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының студенті А. Нариманова.

**Қатыспағандар:** -

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау.

**Жауаптылар:** Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, доц. м.а PhD Тажибаев Р.

Бұл мәселе бойынша алдымен Экономика, басқару және құқық факультеті Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.

Доц. PhD А.Амирбек 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды. Білім беру жоспарындағы 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының мазмұны тек қана бакалавриаттан тұрады.


Жалпы кемінде 240 кредиттен құралған БББда: ЖБП 56 кредит, БП кемінде 112 кредит, Кәсіптендіру модулі ЖОО компоненті 60 кредит және қорытынды аттестаттау 12 кредиттен тұрады.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын зерделеуге, халықаралық қатынастардың теориялық және тәжірбиелік жақтарын сараптауға, дипломатиялық қасиеттерді меңгеруге қабілетті мамандарды дайындау болып табылады.

Осыған сәйкес келесі атрибуттар белгіленді: Бірнеше шет тілін меңгерген отансүйгіш, ғылымға құштар, келіссөздер жүргізе алатын, халықаралық саясаттың өзекті мәселелері мен ақпараттарын талдап болжай алатын, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетке ие, кәсіпқой маман. Оқытудың нәтижелері кәсіби

стандарттар, ҰБШ және МЖББС негізінде дайындалып, жалпы 7 оқыту нәтижесінен тұрады және атрибуттарды толық қамтиды. Ары қарай модульдер, пәндер тізімі кредиттерімен, оқыту және бағалау әдістерімен таныстырды.

Сондай-ақ Халықаралық қатынастар маманын қалыптастырушы атрибуттар (Сурет 1) көрсетілгендей таратылып, бұның пәндерге қарай үлестірілуі керектігі түсіндірілді.



Сурет-1

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін Қазақстандағы, шетелдегі ең үздік ББ жүргізілген Әл Фараби Қазақ Ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық университет, Лондонская школа Экономики и Политических наук, Harvard John F. Kennedy School of Government, МГИМО(Москва), Hacettepe University, Hacı Bayram Veli üniversitesi, Marmara üniversitesi таңдалды. Аталмыш университеттерде жүргізілген пәндерді зерделеген кезде бізде оқытылып жатқан негізгі пәндердің барлығына дерлік оқытылып жатқанын байқауға болады. Біздің университеттің Түркияның Мармара университетімен қос диплом беру талабына біздің БББ-да оқытылып жатқан пәндер толықтай жауап береді.

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білімгерлердің көпшілігі жақын және алыс шетелден келуіне байланысты Атамекен, НААР секілді Қазақстандық рейтингтікте түлектердің жұмысқа орналасуында шетелдік түлектер есепке алынбауда. Осыған байланысты Атамекен болсын, НААР болсын рейтингтік көрсеткіште төменгі орындарға ие болуда. Сонымен қатар, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты түлектер Сыртқы Істер Министрлігінде, елшіліктерде, консулдық мекемелерде, әкімшілікте, Транс Ұлттық корпорацияларда, Ғылыми зерттеу мекемелерінде жұмысқа орналасуға үлкен мүмкіншілікке ие.

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін Мајор-ге ұсынылған пәндер (жаңа пәндер көк түспен берілген) (Сурет-2)-де берілген

2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін ұсынылған пәндердің атауы (Мајор)  
(жаңа пәндер көк түспен берілген)

1	Халықаралық қатынастарға кіріспе	3
2	Халықаралық саясат	5
3	Жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы	6
4	Дипломатиялық және өкілдік қызмет	5
5	Жаһандану үдерісінде сыртқы саясат анализі	3
6	Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы	5
7	Халықаралық қатынастарда ғылыми зерттеу әдістері	3
8	Геосаясат негіздері	5
9	Халықаралық ұйымдар	5
10	Халықаралық қатынастар теориясы	5
11	Дипломатиялық келіссөздерді жүргізудің тәсілдері	5
12	Дипломатиялық шет тілі I	5
13	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	3
14	Халықаралық қауіпсіздік	3
15	Көпжақты дипломатия	5
16	Дипломатиялық протокол және этикет	5
17	Дипломатиялық шет тілі II	5
18	Дипломатиялық құжаттама	5
19	Халықаралық қатынастарда ақпараттық талдау	5

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін Таңдау компонентіне ұсынылған пәндер (жаңа пәндер көк түспен берілген) (Сурет-3)-де берілген

2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін ұсынылған пәндердің атауы (Таңдау компоненті)  
(жаңа пәндер көк түспен берілген)

1	Халықаралық қатынастарда энергетикалық саясат	3
2	Көшбасшылық теориясы	5
3	Таяу Шығыс елдерінің саяси жүйесі мен сыртқы саясаты	5
4	Халықаралық қатынастарда этникалық қақтығыстар	5
5	Халықаралық қатынастардағы өркениет факторы	5
6	Халықаралық қатынастарды ұлттық мәдениет тұрғысынан талдау	5
7	Бұқаралық дипломатия	5
8	АҚШ-тың сыртқы саясаты	5
9	Қытайдың сыртқы саясаты	5
10	Халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия және Кавказ аймағы	5
11	Түркияның сыртқы саясаты	5
12	Халықаралық қатынастар жүйесінде Азия-Тынық мұхит аймағы	5
13	Ресейдің сыртқы саясаты	5
14	Халықаралық қатынастардың қазіргі кездегі мәселелері	5
15	Халықаралық қатынастарда терроризм және экстремизм	3
16	Қазіргі дамушы елдер: саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелер	5
17	Еуропа мемлекеттерінің саяси жүйесі және сыртқы саясаты	5
18	Халықаралық қатынастардағы иммиграция және иммиграция мәселесі	5
19	Халықаралық саясатта Жаһандану және регионализм	5
20	Халықаралық қатынастарда Қатаң және жұмсақ күш	3

Баяндамадан кейін, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М. сөз алып, мазмұны жағынан бір-бірін қайталайтын пәндерді біріктіруді, және жаңа пәндер енгізілген кезде ол пәндер бойынша 2 және 8 –қосымшалар бойынша тиісті әдебиеттермен қамтамасыз етуді назарға алудың қажеттілігін айтты. Сонымен қатар ұсыныстарды қарастыруды және 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған өзгерістерді құптағанын білдірді. Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек БББ бойынша оңтайландыру жұмысын тез арада бітіріп тиісті бөлімге ұсынатынын айтып өз сөзін аяқтады.


**Шешім:** 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған өзгерістерді қанағаттанарлық деп танылсын және пәндерді оңтайландыру мәселесі факультет кеңесінде қайта қаралып, Академиялық комитетке ұсынылсын.

**Академиялық комитет  
төрағасы:**



**Амирбек А.**

**Академиялық комитет  
хатшысы:**



**Тажобаев Р.**